

2009 жылғы 19 мамырдағы  
№ 24410/493

**«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2008-2009 жылдары ХҚЕС-на енгізілген негізгі өзгерістердің қысқаша шолуын назарда ұстау және жұмыста пайдалану үшін жіберіп отыр.

Сонымен бірге бұл аударманың ресми емес екендігін және бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезінде ХҚЕС қолдану мәселелерінде қаржылық ұйымдарды ақпараттық қолдау мақсатында ғана дайындалғанын хабарлаймыз.

*Қосымша 22 парақта.*

**Төрағаның орынбасары**

**Д. Ғалиева**

**ХҚЕС-ке 2008-2009 жж. ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ШОЛУ**

Стандарттың аты	Өзгерістер қашан және қандай құжатпен енгізілген	Негізгі өзгерістер
«Қаржы есептілік ұсыну» 1-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-зы жетілдіру – 2008 жылғы мамыр</i>	<p><b>Деривативтерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу.</b> 68 және 71-параграфтар өзгертілді, сондай-ақ 39-ХҚЕС-ке сәйкес саудаға арналған санатқа жатқызылған қаржы құралдарының қысқа мерзімді активтердің немесе міндеттемелердің мысалдары болуы мүмкін екенін, бірақ 1-ХҚЕС-тің алдыңғы редакциясында ұйғарылғандай міндетті түрде осындай болмайтынын нақтылау мақсатында жаңа 139С-тармағы қосылды. Осылайша, саудаға арналған кейбір қаржы құралдарды, мысалы, ұйым есепті күннен кейін 12 айдан астам кезеңде ұстап тұруға ниет білдірген деривативтер ұзақ мерзімді активтер немесе міндеттемелер ретінде ұсынылуы тиіс.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.</p>
	<i>ХҚЕС-зы жетілдіру – 2009 жылғы сәуір</i>	<p><b>Айырбасталатын құрал міндеттемелерінің компоненттерін қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу.</b> Кеңес айырбасталатын құрал міндеттемелерінің компоненттерін қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу мәселесін қарады.</p> <p>1-ХҚЕС-тің 69(d)-тармағында егер кәсіпорынның ол бойынша есепті 12 айдан астам мерзімге кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса, ол қысқа мерзімді ретінде жіктелуі тиіс. Бұл ретте айырбасталатын құралды ұстаушы теория тұрғысынан алғанда оған кез келген сәтте акцияларды беру талабымен өтініш жасай алады. Сонымен бірге, осы құрал бойынша есеп ақшаның немесе басқа активтердің әкетілуіне алып келмейді, және осылайша, кәсіпорынның өтімдігіне немесе төлем жасауға қабілеттігіне әсер етпейді, осыған байланысты Кеңес 1-ХҚЕС-тің 69(d)-тармағына <i>«басқа тараптың талап етуі бойынша үлестік құралдарды шығару арқылы есептеуге алып келетін міндеттеменің талаптары оны жіктеуге әсер етпейді»</i> деген бөлігі бойынша нақтылау енгізді.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2010 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.</p>
«Ақша	<i>ХҚЕС-зы</i>	<b>Шығындарды танылмаған активтер ретінде жіктеу.</b>

<p>қаражатының қозғалысы туралы есептер» 7-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>жетілдіру</i> – <b>2009 жылғы сәуір</b></p>	<p>ХҚЕС-ті түсіндіру жөніндегі комитет (IFRIC) 2008 жылы Кеңеске практиканың болашақ ақша ағындарын басқару мақсатында келтірілген шығыстар үшін ақша ағындарын жіктеу бөлігінде айырмашылығы болатын, ал осындай шығыстар ХҚЕС-ке сәйкес активтер ретінде танылмайды. ХҚЕС-ті түсіндіру жөніндегі комитет (IFRIC) 2008 жылы Кеңеске практиканың болашақ ақша ағындарын басқару мақсатында келтірілген шығыстар үшін ақша ағындарын жіктеу бөлігінде айырмашылығы болатын, ал осындай шығыстар ХҚЕС-ке сәйкес активтер ретінде танылмайды. Кейбір объектілер осындай шығыстарды операциялық қызметтен, ал басқалары – инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктеді. Осындай шығыстардың мысалдары – оларды осы шығыстар үшін заңды тұлғаның алдыңғы есеп саясатына қарай актив немесе шығыс ретінде тануға рұқсат беретін «Минералдық ресурстарды бағалауға арналған зерттеулер» 6-ХҚЕС-те көрсетілгендей дамыту және бағалау үшін жүргізілген шығыстар. Жарнамалау шығыстары және мамандар даярлау мен зерттеулерге арналған басқа ілеспе шығыстар да осы жағдайға жатқызылады. Кеңес, тіпті бұл 7-ХҚЕС-тің (IAS) актив ретінде танылатын шығыстың инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктелуі тиіс болатын 14 және 16-параграфтары анық болып көрінген ретте де, тұжырым осыған қатысты біржақты болып табылмайтынын атап өтті. Олардың кейбіреуі 7-ХҚЕС-тің (IAS) 11-параграфына сілтемені бағалау – кәсіпорынның есеп саясатын таңдау деп түсінетін заңды тұлға үшін оның бизнесіне неғұрлым сәйкес келетін қызметті жіктеуді бағалайтындай өзгертуі мүмкін. Тиісінше, 2009 жылғы жыл сайынғы өзгерістерде Кеңес 7-ХҚЕС-тің (IAS) 16-параграфын активті тануға алып келетін шығыс қана инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны ретінде жіктелуі мүмкін деп анық мәлімдейтіндей түзете отырып, дұрыс емес әлуетті түсіндірмені алып тастады.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2010 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.</p>
<p>«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателіктер» 8-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру</i> – <b>2008 жылғы мамыр</b></p>	<p><b>Қолдану жөніндегі нұсқаулықтың мәртебесі</b> (стандартты қолдайтын). ХҚЕС жөніндегі Кеңеске 2007 жылы Стандарттың 7 және 9-параграфтары бір-біріне қайшы келеді және оны қарау кезінде қате түсіндірілуі мүмкін деп хабарлады. Кеңес ХҚЕС-тің ажырамас бөлігі болып табылатын нұсқаулықтың стандарттың мәтінімен тең қолдануға міндеті екенін нақтылай отырып, Стандарттың 7, 9 және 11-параграфтарын түзетті. Мәселен, ХҚЕС-ке стандарттың талаптарын қолдану кезінде кәсіпорындарға көмек үшін қолданылатын нұсқаулықпен қызмет көрсетіледі. Егер нұсқаулық ХҚЕС-тің ажырамас бөлігі болып табылса, оны міндетті түрде қолдану керек. Егер нұсқаулық стандарттың ажырамас бөлігі болып табылмаса, оның қаржылық есептілікті жасауға қойылатын міндетті талаптары болмайды.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін</p>

		қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.
«Есепті күннен кейінгі оқиға» 10-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-зы жетілдіру – 2008 жылғы мамыр</i>	<p><b>Есепті кезең аяқталғаннан кейін жарияланған дивидендтер.</b> ХҚЕС жөніндегі Кеңеске 2007 жылы 10-ХҚЕС-тің 13-параграфының есепті кезең аяқталған күн және қаржылық есептілік шығарылған күн арасында жарияланған дивидендтерге қатысты міндеттемелерді танудың әлеуметті мүмкіндігін 37-ХҚЕС-ке сәйкес конструктивтік міндеттеменің бар болуы негізінде түсіндіретінін хабарлады. Сондықтан, Кеңес 13-параграфты осындай ешқандай міндеттеменің жоқ екенін білдіретіндей түзетті. Осылайша, стандарттан 37-ХҚЕС-ке сілтеме алынып тасталды .</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.</p>
«Негізгі құралдар» 16-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-зы жетілдіру – 2008 жылғы мамыр</i>	<p><b>1. Өтелетін сома ұғымы.</b> 6-тармаққа «өтелетін сома» ұғымын айқындау бөлігінде нақтылау енгізілді, мұндағы «таза сату бағасы» деген сөздер «сату шығындары шегерілген әділ құны» деген сөздермен ауыстырылды;</p> <p><b>2. Жалға тапсыруға арналған активтерді сату.</b> Стандарт 68А-параграфпен толықтырылды. Мәселен, егер ұйым әдеттегі қызмет барысында үшінші тұлғаларға жалға тапсыру үшін пайдаланған активтерді сатса, көрсетілген негізгі құралдар оларды жалға тапсыру тоқтатылғаннан және сатуға қойылғаннан кейін олардың баланстық құны бойынша қорлар ретінде аударылуы тиіс. Осындай активтерді сатудан түсімдер «Түсім» 18-ХҚЕС-ке сәйкес кіріс ретінде танылуы тиіс. «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» 5-ХҚЕС (IFRS) қорларға аударылған активтерге қатысты, оларды әдеттегі қызмет барысында сатуға байланысты қолданылмайды.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдану, егер ұйым бір мезгілде «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептер» 7-ХҚЕС-ті (IAS) қолданған жағдайда мақұлданады.</p>
«Жалдау» 17-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-зы жетілдіру – 2009 жылғы сәуір</i>	<p><b>Үйлер мен жерді жалдау шарттарын жіктеу.</b> 17-ХҚЕС-тен 14 және 15-параграфтар алынып тасталды және жаңа 15А, 68А және 69А-параграфтар қосылды. Енді, жалдауға үйлер мен жердің элементтері енгізілген кезде, олардың әрқайсысы Стандарттың 7-13-тармақтарына сәйкес жеке-жеке қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктелуі тиіс. Жердің элементтерін жеке қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеу мәселесін шешкен кезде жердің әдетте мерзімсіз экономикалық қызметі маңызды фактор болып табылады.</p> <p>Осылайша, Кеңес жерді жалдауға қатысты, жерді жалдауды қаржылық жалдау ретінде шарттың мерзімінің аяғында жерді меншіктеу құқығының жалдаушының пайдасына өтуі шартымен қарауға</p>

		<p>болатынынан тұратын бұрын қабылданған шешімнен (2001 және 2003 жж.) алшақтайды. Енді, осындай шешім қабылдау үшін қалған барлық жалдау шарттарын үшін көзделген барлық факторларды қарастыру қажеті, мысалы, жер мен үйлерді 999 жылға жалдаған жағдайда, оларды жалдау шартының аяғында сатып алу құқығының болмауына қарамастан оларға байланысты тәуекелдер мен пайдалардың едәуір бөлігін жалдаушыға өтуі анық болады.</p> <p>Кәсіпорын осы өзгерістер қабылданған күнгі барлық аяқталмаған жалдау шарттарының жер элементтерін жіктеуді жалдау мерзімі басталған кездегі бар ақпарат негізінде қайта бағалауы тиіс. Ол қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдауды 8-ХҚЕС-ке сәйкес ретроспективті тануы қажет. Дегенмен, егер кәсіпорынның осы өзгерістерді ретроспективті қолдану үшін қажетті ақпараты болмаса, ол:</p> <p>а) өзгерістерді сол жалдау шарттарына өзгерістер қабылдаған күні бар фактілер мен талаптар негізінде қолдануы, және</p> <p>б) қаржылық жадау ретінде жанадан жіктелген жерді жалдауға байланысты активтер мен міндеттемелерді осы күнгі әділ құны бойынша тануы қажет; осы әділ құндардың арасындағы кез келген айырма бөлінбеген пайдада танылады.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2010 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.</p>
«Түсім» 18-ХҚЕС (IAS)	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру –</i>  <b>2008 жылғы мамыр</b></p>	<p><b>1. Заемдар беру бойынша шығындар.</b>  18-ХҚЕС-тің 14-тармағында «Қызметтерді көрсету» бөлімі, «тікелей шығын» ұғымы қайшылықтарды жою және нақтылау үшін 39-ХҚЕС-те көзделген «мәміле бойынша шығындар» ұғымымен ауыстырылды, бұл қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерге байланысты туындаған шығындардың кейінге қалдырылуы және тиімді пайыз ставкасын түзету ретінде танылуы тиіс екені білдіреді.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.</p>
	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру –</i>  <b>2009 жылғы сәуір</b></p>	<p><b>2. Кәсіпорын принципал ретінде немесе агент ретінде іс-әрекет жасайтын жағдайларды анықтау.</b>  18-ХҚЕС-ке қосымша кәсіпорын принципал ретінде немесе агент ретінде іс-әрекет жасайтын жағдайларды анықтау мәселесі бойынша жаңа «Тану және өлшеу» 18-бөлімімен толықтырылды (18-ХҚЕС-тің 8-тармағына түсіндірме).  Кәсіпорын принципал ретінде немесе агент ретінде іс-әрекет жасайтынын анықтау барлық қажетті фактілер мен жағдайларды талқылауды және назарға алуды талап етеді. Жаңа 21-тармақта мысалдар</p>

		<p>келтірілген, олардың негізінде кәсіпорынның принципал (негізгі тұлға) ретінде іс-әрекет жасайтынын талқылауға болады.</p> <p>Кәсіпорын, егер онда тауарлар сатуға немесе қызмет көрсетуге байланысты айтарлықтай тәуекелдер және пайда болмаса, агент ретінде іс-әрекет жасайды. Кәсіпорынның агент ретінде іс-әрекет жасайтынын көрсететін сипаттамалардың бірі оған тиесілі сыйақы сомасының алдын ала анықталғаны және әрбір комиссия үшін белгіленген комиссияны не клиент төлейтін сомадан пайыздық ставканы білдіретіні болып табылады.</p>
<p>«Қызметкерлерге берілетін сыйақы» 19-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-зы жетілдіру – 2008 жылғы мамыр</i></p>	<p><b>1. Секвестрлер немесе өткен қызмет көрсетулердің теріс құны.</b></p> <p>Стандарттардың жоспарды еңбек қызметінің аяқталуы бойынша қызметкерлерге тиесілі сомалардың азаюын (қысқаруын) көздейтін өзгертуге байланысты туындайтын кірістерге немесе шығыстарға қатысты талаптарына әр түрлі түсіндіруге байланысты, Кеңес 97, 98, 111-параграфтарға өзгерістер енгізді және жоспарға енгізілген осындай өзгерістер секвестр (109 – 115-тармақтар) ретінде, ал кейде қызмет көрсетудің теріс құны ретінде (96-101-тармақтар) түсіндіруі тиіс екені нақтылау үшін жаңа 111А-тармақты енгізді. Бірінші жағдайда тиісті кіріс немесе шығыс секвестрді жүзеге асыру сәтінде, ал екінші жағдайда аяқталғаннан кейін қызметкердің сыйақылар төлеу құқығы даусыз болып табылатын орташа уақыт кезеңі бойынша тең үлестермен танылады. Осыған байланысты Стандартты дұрыс түсіндірмеу іс жүзінде пайдаға немесе шығынға жатқызылатын сомалардағы айтарлықтай айырмашылықтарға алып келді.</p> <p>Мәселен, белгіленген төлемдер бар жоспарға енгізілген өзгеріс сыйақыны қысқартса, тек қызметкерлердің болашақ қызмет көрсетулеріне қатысты өзгеріс қана секвестр ретінде қарастырылады. Жоспарға енгізілген кез келген өзгерістің өткен қызмет көрсетулердің құнына әсер ету өткен қызмет көрсетулердің теріс құны болып табылады.</p> <p>Сондай-ақ, Кеңес Стандарттарға өзгерістерде қысқартуды еңбекке ақы төлеудің болашақ ұлғаюы өткен кезеңдердегі қызмет көрсетулер үшін сыйақылармен қалай байланысты болғанына қарай түсіндіру қажет екенін нақтылады. Осылайша, егер сыйақылар жоспарына өзгеріс еңбекке ақы төлеудің болашақ ұлғаюы өткен кезеңдердегі қызмет көрсетулер үшін сыйақылармен қалай байланысты болған деңгейге әсер етсе, осы өзгерістің белгіленген төлемдер бар жоспар міндеттемесінің келтірілген құнына барлық әсер етуі өткен қызмет көрсетулердің теріс құны емес секвестр ретінде қарастырылуы тиіс.</p> <p>97, 98, 111-тармақтарға және 111А-тармаққа түзетулер сыйақылар жоспарына 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе кейін енгізілетін өзгеріс үшін қолданылуы мүмкін.</p> <p><b>2. Жоспардың әкімшілік шығындары.</b></p> <p>Кеңес, егер белгіленген төлемдер бар міндеттеменің келтірілген құны өзгерген кезде жүзеге</p>

		<p>асырылған актуарлық жорамалдарда жоспардың әкімшілік шығындары ескерілсе, жоспардың активтеріне кіріс есептеу кезінде осындай шығындарды шегеру оларды қосарланған есепке алуға алып келеді, деп қорытындылады.</p> <p>Сондықтан, ХҚЕС-ғы 2008 жылғы мамырда шығарылған Жетілдірулердің бөлігі ретінде Кеңес «жоспардың активтеріне кіріс» ұғымының анықтамасын жоспардың активтерін басқару шығындарының олар міндеттемелердің келтірілген құнын есептеу кезінде пайдаланылған актуарлық жорамалдарына енгізілген шамада шегерілетін бөлігінде нақтылады.</p> <p><b>3. «Төлеуге тиісті» (“fall due”) терминін ауыстыру.</b> Кеңес қызметкерлердің сыйақыларын қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу кезіндегі кейбір қиындықтарға алып келген анықтамалардағы сәйкес келмеулерді анықтады. Осы жағдайдағы маңызды фактор – күтіліп отырған қызметкерлермен есеп айырысу уақыт болуы тиіс, бұл «Қаржы есептілік ұсыну» 1-ХҚЕС-те көзделген активтерді/міндеттемелерді қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді ретінде бөлу қағидатына сәйкес келеді. Тиісінше, қызметкерлерге төленетін басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар деп – өтеу немесе есеп айырысу мерзімі тиісті қызмет көрсетулер алынған есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай кезеңіне дәл келмейтін сомалар түсініледі.</p> <p><b>4. Шартты міндеттемелер жөніндегі нұсқаулық.</b> Бұрын 32В-параграфында «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 37-ХҚЕС-тің (IAS) кәсіпорын ықтимал шартты міндеттемелер туралы ақпаратты <u>тануын</u> және ашуын талап ететіні айтылса, онда осы параграфтағы өзгерістен кейін кәсіпорыннан кейбір шартты міндеттемелер туралы ақпаратты <u>ашу ғана</u> талап етіледі.</p> <p>Стандарттың 7, 8, және 32В-параграфтарына түзетулер (19-ХҚЕС-қа енгізілген осы өзгерістердің 2-4-тармақтары) 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етіледі.</p>
<p>«Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашып көрсету» 20-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру -</i> <b>2008 жылғы мамыр</b></p>	<p><b>1. Үкіметтен алынған пайыздық заемдарды немесе төменгі пайыздық ставкамен заемдарды тану.</b> Өзгеріс 20-ХҚЕС-тың 37-тармағындағы анық қарама-қайшылықтарды алып тастау қажеттілігіне байланысты, ол пайызы төменгі (нөлдік) ставкамен заемдар алған кезде жүктеме пайызды есептеуді талап етпейді, бұл уақытта 39-ХҚЕС әділ құны бойынша қаржы міндеттемелерін бастапқы тануды жүзеге асыруды тиісінше, нарықтық пайыздық ставка бойынша алынған заемдарды дисконттауды қамтамасыз етеді. Осылайша, үкіметтен пайызы төменгі (нөлдік) ставкамен алынған заемдар 39-ХҚЕС-қа сәйкес есептелуі тиіс. Үкіметтік заемнан алынған пайда алынған ақша сомасы және бастапқыда баланста танылған заем сомасы арасындағы айырма ретінде заемды алу кезінде</p>

		<p>өлшенеді.</p> <p>Түзетулер (37-тармақ алынып тасталды және жаңа 10А-тармағы қосылды) 2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе бұдан кейінгі күннен басталатын кезеңдерде алынған үкіметтік заемдар үшін болашақта қолдануы тиіс.</p> <p><b>2. Терминологияның басқа ХҚЕС-ға сәйкес болуы.</b> 2008 жылғы мамырда шығарылған ХҚЕС-тарына жетілдірулердің бір бөлігі ретінде Халықаралық Есептілік Стандарттары бойынша Кеңес осы Стандартта қолданылған терминологияға басқа ХҚЕС-тарымен сәйкес болу үшін төмендегідей түзетулер енгізді:</p> <p>(а) «салық салынатын табыс» деген сөздер «салық салынатын пайда немесе салықтық шығын» деп түзетілді, (б) «табыс/шығыс ретінде танылған» деген сөздер «пайда немесе шығын бойынша танылған» деп түзетілді, (в) «тікелей акция иелерінің үлесіне/капиталына кредиттелген» деген сөздер «пайда немесе шығыннан тыс танылған» деп түзетілді, г) «бухгалтерлік бағалауды қайта қарау» деген сөздер «бухгалтерлік бағалаудың өзгерісі» деп түзетілді.</p> <p>Түзетулер 2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе бұдан кейінгі күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
«Қарыздар бойынша шығындар» 23-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-ғы жетілдіру</i> <b>2008 жылғы мамыр</b>	<p><b>Заемдар бойынша шығындардың құрамдас бөліктері.</b> Заемдар бойынша шығындардың құрамдас бөліктері ретінде 23-ХҚЕС-на аударылатын кейбір шығындар (6-тармақ), тұтастай алғанда, 39-ХҚЕС сәйкес тиімді пайыз ставкасы арқылы есептелетін пайыздық шығыстың құрамдас бөліктеріне барабар. Осыған байланысты, Кеңес заемдар бойынша шығындардың құрамдас бөліктерін сипаттау кезінде тиісінше 39-ХҚЕС басшылыққа алуды тікелей көрсете отырып, 23-ХҚЕС 6-тармағын өзгертті.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе бұдан кейінгі күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
«Шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігі» 27-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-ғы жетілдіру</i> <b>2008 жылғы мамыр</b>	<p><b>1. Жеке қаржылық есептілікте сатуға арналған еншілес ұйымға берілген инвестицияларды бағалау.</b> Кеңес Стандарттың 38-параграфында «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» 5-ХҚЕС (IFRS) қарама-қайшылық бар екендігін анықтады, мұнда 39-ХҚЕС-қа сәйкес инвестордың жеке есебінде есептелінетін инвестициялар 5-ХҚЕС (IFRS) сәйкес сатуға арналған</p>



		<p>ретінде жіктеуге жатқызылады.</p> <p>Алайда, 5-ХҚЕС-қа (IFRS) сәйкес оның қолданылу саласына «Қаржы құралдары: тану және өлшеу» 39-ХҚЕС-на сәйкес есептелінетін қаржы активтері қосылады.</p> <p>Тиісінше, 27-ХҚЕС-тың (IAS) 38-тармағы 5-ХҚЕС-қа (IFRS) сәйкес кәсіпорынның жеке есебінде нақты құны (өзіндік құны) бойынша есептелінетін инвестициялар ғана сатуға арналған ретінде жіктеледі және есептеледі деп өзгертілді. Кәсіпорын 39-ХҚЕС бойынша есептейтін инвестиция сатуға арналған ретінде жіктеу өлшемдеріне сәйкес келе бастайтын болса, кәсіпорын оларды 39-ХҚЕС (IAS) сәйкес (яғни 5-ХҚЕС (IFRS) қолданылмайды) есептеуді жалғастыруы тиіс.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе бұдан кейінгі күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бірақ 5-ХҚЕС (IFRS) бірінші рет қолданылған күннен бастап перспективті түрде қолданылады. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
	<p><i>Кәсіпорын және қауымдасқан кәсіпорын бірлесіп бақылайтын еншілес ұйымдардың инвестицияларының құны, 2008 жылғы мамыр</i></p>	<p><b>2. Кәсіпорын және қауымдасқан кәсіпорын бірлесіп бақылайтын еншілес ұйымдардың инвестицияларының құны.</b></p> <p>27-ХҚЕС (IAS) кәсіпорын өзінің жеке есебінде кәсіпорын және қауымдасқан кәсіпорын бірлесіп бақылайтын еншілес ұйымдардың инвестицияларын нақты құны бойынша не 39-ХҚЕС (IAS) сәйкес есептеуді талап етеді. Нақты құны бойынша есептелінетін инвестицияларға қатысты 27-ХҚЕС (IAS) алдыңғы нұсқасы инвестициялардан алынған кірісті сатып алынған күннен кейін туындайтын инвестициялар объектісінің жинақталған пайдасынан алынған төлемдердің бөлігінде ғана тануды талап етті (нақты шығындар бойынша есептеу әдісі). Осы пайдадан жоғары алынған төлемдер инвестицияларды қайтару ретінде қаралды және инвестициялардың нақты құнын төмендету ретінде танылды.</p> <p>Практикада ХҚЕС бірінші қолдану кезінде 27-ХҚЕС (IAS) осы талаптарын қолданумен қиындықтар туындады, осыған байланысты Кеңес, инвестицияларды өткен ОПБУ (GAAP) сәйкес айқындалған құны не әділ құны (39-ХҚЕС бойынша) деп бөлінетін «болжамды» (deemed cost) құны бойынша өлшейтін инвестицияларды өзінің жеке есебінде есептейтін осындай кәсіпорындарға рұқсат етті. Тиісінше, 27-ХҚЕС-тан (IAS) «нақты шығындар бойынша есептеу әдісі» ұғымына берілген айқындама алынып тасталды.</p> <p>Түзетулер (4-тармақтағы және жаңа 38А-тармақтағы терминді қоспағанда) 2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе бұдан кейінгі күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы тиіс. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p> <p>Бұдан басқа, респонденттердің ескертулеріне жауап ретінде Кеңес бас кәсіпорын топтың құрылымын бас кәсіпорын ретінде жаңа кәсіпорынды айқындау арқылы қайта құрған жағдайда,</p>

		жаңа 38А параграфты қолдануды түсіндіретін жаңа 38В және 38С параграфтарын енгізді. Осы түзетулер 2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе бұдан кейінгі күннен басталатын жылдық кезеңдерде орындалған қайта құруларға перспективті түрде қолданылуы тиіс. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.
«Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар» 28-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-ғы жетілдіру -</i> <b>2008 жылғы мамыр</b>	<p><b>1. Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар әділ құны пайда немесе зиян арқылы есептелінетін жағдайда ақпараттың қажетті мәнін ашу.</b></p> <p>28-ХҚЕС-тың 1-тармағына сәйкес нақтылау енгізілді, мұнда қауымдасқан ұйымдарға әділ құны пайда немесе зиян арқылы есептелінетін инвестициялары бар ұйымдар Стандарттың 37 (f) тармағында қажет етілетін мәнді жүзеге асыруға тиіс.</p> <p><b>2. Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануы.</b></p> <p>Стандарттың 33-тармағына нақтылау енгізілді, мұнда қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған зиян гудвилді қоса алғанда, қандай да бір активке бөлінбеуі тиіс, ол осы инвестициялардың баланстық құнының бір бөлігін құрайды, сондықтан инвестиция инвестор бақылайтын және есепке алуда мойындайтын жалғыз актив болып табылады.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе бұдан кейінгі күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
Гиперинфляциялық экономика жағдайындағы қаржы есептілігі» 29-ХҚЕС (IAS)	<i>ХҚЕС-ғы жетілдіру -</i> <b>2008 жылғы мамыр</b>	<p><b>1. Қаржы есептілігіндегі өзгерістердің негіздерін сипаттау.</b></p> <p>Стандарттың алдыңғы редакциясы (6-тармақ) активтер мен міндеттемелердің бірқатары тарихи емес, ағымдағы құны негізінде болатын фактіні немесе сол арқылы өлшенуі тиіс екендігін көрсеткен жоқ. Мысалы, негізгі құрал-жабдықтар әділ құны бойынша өлшенетін биологиялық активтер сияқты кәсіпорынның таңдауы бойынша әділ құны бойынша қайта бағалана алады. Тиісінше, Кеңес Стандарттың 6-тармағына тарихи құны емес, әділ құны бойынша есептелетін осындай баптардың (яғни, анықталмаған тізбе) үлгілерін қосты.</p> <p><b>2. Терминологияның басқалармен және ХҚЕС-ға сәйкес болуы.</b></p> <p>Стандартта қолданылған кейбір терминдер басқа ХҚЕС-тарымен сәйкес болу үшін төмендегідей сәйкестендірілді:</p> <p>(а) «нарықтық құны» деген сөздер «әділ құны» деген сөздермен ауыстырылды;</p> <p>(б) «операциялардың нәтижелері» (results of operations) және «таза кіріс» (net income) деген сөздер «пайда немесе зиян» (profit or loss) деген сөздермен ауыстырылды,</p> <p>Түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе бұдан кейінгі жылдық кезеңдер үшін қолданылады. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>

<p>«Қаржы құралдары – ақпаратты ашу және беру» 32-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>Тарату кезінде туындайтын мерзімінен бұрын өтеу құқығы және міндеттемесі бар қаржы құралдары, 2008 жылғы ақпан</i></p>	<p>2008 жылғы ақпанда Кеңес меншікті капиталда мерзімінен бұрын өтеу құқығы бар кейбір қаржы құралдарын және кейбір қаржы құралдарын тануды қажет ете отырып, 32-ХҚЕС-на (IAS) түзетулер енгізді, олар кәсіпорынға тарату кезінде кәсіпорынның таза активтеріне теңбе-тең үлесті басқа тарапқа жеткізу міндеттемесін жүктейді.</p> <p>Осы түзетулермен 11, 16, 17–19, 22, 23, 25, AG13, AG14 және AG27 параграфтары өзгертілді, сондай-ақ жаңа 16A–16F, 22A, 96B, 96C, 97C, AG14A–AG14J және AG29A параграфтармен толықтырылды. Олар 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе бұдан кейінгі жылдық кезеңдер үшін қолданылады. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
<p>«Аралық қаржы есептілігі» 34-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру 2008 жылғы мамыр</i></p>	<p><b>Аралық қаржы есептілігіндегі акцияға келетін пайда туралы ақпараттың мәнін ашу.</b></p> <p><i>Стандарттың 11-параграфы нақтылау мақсатында толықтырылды, мұнда «Акцияға келетін пайда» 33-ХҚЕС (IAS) кәсіпорынға қолданылатын болса, акцияға келетін пайда туралы тиісті ақпараттың мәнін ашу жүзеге асырылады.</i></p> <p>Түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
<p>«Активтердің құнсыздануы» 36-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру 2008 жылғы мамыр</i></p>	<p><b>1. Қайтарылатын құнды өлшеу үшін пайдаланылатын есептік бағалар туралы ақпараттың мәнін ашу.</b></p> <p>134 (e) параграфы, әділ құны сатуға арналған шығыстарды шегере отырып, болжамдалған болашақтағы ақша ағындарын дисконттау арқылы айқындалған жағдайда, мынадай ақпаратты ашу талаптармен толықтырылды: 1) ақша ағындары болжамдалған кезең 2) болжамдық ақша ағындарын экстраполяциялау үшін қолданылатын өсімдік ставка, 3) қолданылатын дисконттау ставкасын. Түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>

	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру</i> <b>2009 жылғы сәуір</b></p>	<p><b>2. Гудвилдің құнсыздануына арналған тестті есепке алу бірлігі.</b> 36-ХҚЕС-тің 80-параграфы гудвил бөлінетін бірлікті белгілеу үшін өзгертілді, мұнда «Операциялық сегменттер» 8-ХҚЕС (IFRS) 5-параграфында айқындалған рұқсат етілген агрегирлеу сияқты операциялық сегменттен көп болмауы (ірі емес) болуы тиіс.</p> <p>Түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе бұдан кейінгі жылдық кезеңдер үшін қолданылады. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
<p>«Материалдық емес активтер» 38-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру</i> <b>2008 жылғы мамыр</b></p>	<p><b>1. Жарнамаға және жылжу қызметіне шығындар.</b> Стандарттың 68-параграфы ішкі құрылған материалдық емес активке жұмсалған шығыстар олардың туындау кезіндегі шығыс ретінде танылуы тиіс екендігін белгілейді. Кеңес бұл жағдайда «шығыстардың туындау кезі» деп айтудың түсініксіз екендігін мойындайды. Мысалы, біреулер жарнама және жылжу қызметі бойынша шығыстарды кәсіпорынның тауарлар алу немесе қызмет көрсету кезін тану қажет деп түсінеді, осының салдарынан олар жарнама қызметін дамыту үшін пайдаланылатын болады. Басқалары жарнама өнімі клиенттерге немесе әлуетті жеткізушілерге жеткізілген жағдайда шығысты тану қажет деп санайды. Осыған байланысты, Кеңес кәсіпорынның мұндай шығындарды <u>осы тауарларды бағалау құқығы</u> пайда болғанда шығыс деп танитындығын нақтылау үшін Стандарттың 69-параграфын толықтыруға шешім қабылдады. Кәсіпорын қызмет көрсетуді сатып алған жағдайда осы қызмет көрсетілгеннен кейін оларды сатып алу бойынша шығындарды шығыс ретінде таниды.</p> <p>Бұдан басқа, Стандарт жаңа 69А параграфымен толықтырылды, ол кәсіпорында осы тауарларды бағалау құқығы пайда болатын ахуалды түсіндіреді.</p> <p>Кәсіпорын сатып алынған тауарларға ие болғаннан кейін оларды бағалауға құқылы. Осыған ұқсас, оны өнім шығарушы тауарды жеткізу (шығару) шарттарына сәйкес жасайтын болса тауарды бағалауға және кәсіпорын оны жеткізуді төлемге ауыстыруға құқылы. Тауарларды алу (жеткізу) сәті тиісті шығындар кәсіпорынның шығыстарына жатқызылуы тиіс екендігін айқындайтын фактор ретінде арнайы тандап алынбағандығын атап өткен жөн, сондықтан тауарларды нақты жеткізу күні аздап өзгеруі (түзетілуі) мүмкін.</p> <p>Сонымен қатар, кәсіпорын басқа қызмет көрсету үшін, мысалы жарнама өнімін өздерінің клиенттеріне жеткізу үшін пайдаланған жағдайда емес, жеткізуші шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетілгенде қызмет көрсетілді деп саналады.</p> <p>Осы уақытта, кәсіпорын жарнама тауарлары немесе қызметі үшін ақы төлеген және басқа тарап оларды көрсетпеген жағдайларды бөліп көрсету қажет, бұл осы жағдайда мүлдем жеке актив болып табылады. Алдын ала ақы төлеу кәсіпорын тиісті тауарларды бағалау немесе тиісті қызметті алу құқығына ие болған (сол себепті осы сәттен кейін мұндай шығындар 38-ХҚЕС-ның 68-тармағына сәйкес кәсіпорынның шығысы деп танылуы тиіс) кезге дейін баланста актив ретінде танылады.</p>

		<p><b>2. Өнім бірліктері бойынша амортизациялау әдісі.</b>  38-ХҚЕС 98-параграфының соңғы сөйлемінде «<i>өте сирек, егер қай кезде болмасын пайдалы қызмет мерзімі шектеулі материалдық емес активтер амортизациясының осындай әдісінің пайдасына, бірқалыпты есептеу әдісі кезіндегіге қарағанда жинақталған амортизацияның аз шамасына әкеліп соқтыруы ықтимал нақты растау болған кезде</i>» деп айтылады. Осылайша, 38-ХҚЕС жалпы талаптарымен қайшылықтар туындады, пайдаланылып жүрген амортизациялау әдісі кәсіпорынның активтен түсетін болашақтағы экономикалық пайданы тұтынудың күтулі сипатын көрсетуі тиіс. Осыған байланысты, Кеңес 38-ХҚЕС 98-параграфының соңғы сөйлемін алып тастауға шешім қабылдады.</p> <p>Стандартқа түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе бұдан кейінгі жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін, бұл ретте барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
	<p><i>ХҚЕС-зы жетілдіру</i>  <b>2009 ж. сәуір</b></p>	<p><b>3. «Бизнес бірлестіктері» 3-ХҚЕС-на (IFRS) көзделгендерге байланысты қосымша өзгерістер.</b></p> <p>Кеңес «Бизнес бірлестіктері» 3-ХҚЕС-ын (IFRS) қайта қараған кезде (2008 жылы), егер ол бизнес бірлестіктері шеңберінде сатып алынған материалдық емес актив бөлінетін болып табылады немесе немесе шарттық немесе басқа заңды құқықтық қатынастардан туындайды деп шешкен болса, оның әділ құнын сенімді бағалауға арналған жеткілікті ақпарат бар. 38-ХҚЕС-на түзетулер Кеңестің осы позициясын нақтылау үшін жасалды (редакциялық сипат).</p> <p><b>4. Бизнес бірлестіктері шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтің әділ құнын өлшеу.</b>  40 және 41-параграфтар мұндай активтер белсенді нарықта саудаға түспейтін болғанда материалдық емес активтің әділ құнын бағалаудың кеңінен қолданылатын әдістерін сипаттауға қатысты бөлігі толықтырылды.</p> <p>Түзетулер 2009 жылғы 1 шілдеден басталатын немесе бұдан кейінгі жылдық кезеңдер үшін перспективті түрде қолданылуы тиіс. Барынша ертерек қолдануға рұқсат беріледі.</p>
<p>«Қаржы құралдары: тану және өлшем» 39-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-зы жетілдіру -</i>  <b>2008 жылғы мамыр</b></p>	<p><b>1. Деривативтерді «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынған» санатына немесе санатынан қайта сыныптау.</b>  Әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынған қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі ұғымын айқындау деривативтерді, жіктелген және тиімді хеджирлеу құралдарын алып тастайды. Кеңестің пікірі бойынша, қаржы құралдарын 39-ХҚЕС-тың 50-тармағында белгіленген «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынған» санатына қайта жіктеуге тыйым салу, оны хеджирлеу құралы ретінде</p>

		<p>және керісінше жіктеуді тоқтатқан кезде пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша деривативті есепке алуға кедергі болмауы тиіс. Осыған байланысты, 39-ХҚЕС-те 9(а) тармақта айқындаулар нақтыланған және жаңа 50А-тармақ қосылған, онда 39-ХҚЕС-тің 50-параграфындағы талаптарға жататын қайта жіктеу болып табылмайтын жағдайлар көзделеді.</p> <p><b>2. Хеджирлеуді сегменттік деңгейде белгілеу және құжаттандыру.</b> 39-ХҚЕС-тің 73-параграфының бұрынғы редакциясында хеджирлеу құралдары ретінде есеп беретін кәсіпорын үшін сыртқы тараптың қатысуы бар құралдарды ғана айқындау қажеттігін көрсетті. Бұл ретте, сегмент есеп беретін кәсіпорынның мысалдарының бірі ретінде көрсетілді. Алайда, «Операциялық сегменттер» 8-ХҚЕС (IFRS) ХҚЕС негізінде жасалмаса да операциялық шешімді қабылдайтын тұлғаға ұсынылатын ақпараттың ашылуын талап етеді. Кеңес екі ХҚЕС арасындағы қарама-қайшылыққа көңіл аударды және 39-ХҚЕС-тің 73-тармағынан хеджирлеу құралын сегмент деңгейінде жіктеуге сілтемені алып тастады.</p> <p><b>3. Әділ құнды хеджирлеуді есепке алу тоқтатылған кезде қолданылатын тиімді пайыз ставкасы.</b> Осы түзету арқылы ХҚЕС 39 басшылыққа алуда болған, әділ құнды хеджирлеуді есепке алуды тоқтату сәтінде оның баланстық құнын түзету кезінде борыштық құрал бойынша пайдаланылуға тиісті тиімді пайыздық ставкаға (бастапқы немесе қайта қаралған) қатысты қайшылық алынып тасталды. Пайыздың тиімді ставкасы әділ құнды хеджирлеуді есепке алуды тоқтату кезінде түзетіледі. Тиісінше, 39-ХҚЕС-тің AG 8-тармағына енгізілген өзгеріс, бұл қолданылатын жерде құралды түзету бастапқы ставка бойынша емес, 92-параграфқа сәйкес есептелген пайыздың қайта қаралған тиімді ставкасына негізделетінін нақтылайды. Түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы тиіс. 9 және 50А-тармақшаға түзетулер кәсіпорын 2005 жылы 105А-параграфқа түзетулерді қолданғанмен бірдей күнге және тәртіппен қолданылуы тиіс. Барлық көрсетілген түзетулерді неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етілген.</p>
	<p><i>Сыныпталатын хеджирленетін баптар, 2008 жылғы шілде.</i></p>	<p><b>4. Жіктелетін хеджирленетін баптар.</b> 39-ХҚЕС-қа қосымшаға хеджирленетін тәуекелді жіктеуді немесе ақша ағынының бөлігін айқындайтын қағидаттардың белгілі бір жағдайларда қалай қолданылуын нақтылау үшін AG99BA, AG99E, AG99F, AG110A және AG110B параграфтары қосылды.</p> <p>Түзетулер «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалауларға өзгерістер және қателер» 8-ХҚЕС (IAS) сәйкес 2009 жылғы 1 шілдеден немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы тиіс.</p>
	<p><i>Қаржы активтерін қайта жіктеу, 2008 жылғы қазан-қараша.</i></p>	<p><b>5. Қаржы құралдарын «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынған» санатынан қайта жіктеу.</b> Түзетулер арқылы белгілі бір жағдайларда «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынған» санатынан деривативтер (бастапқы тану кезінде әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар санатына айқындалғандарды қоспағанда) болып табылмайтын қаржы активтерін қайта жіктеу мүмкіндігі көзделген. Сондай-ақ түзетулер арқылы егер кәсіпорынның осындай қаржы активтерін</p>

болжанатын болашақта ұстап тұру ниеті және қабілеті болса, заемдарды және дебиторлық берешекті айқындауға жауап бере алатын қаржы активін сату үшін қолда бар санатынан «заемдар және дебиторлық берешек» санатына аударуға рұқсат етілген (егер қаржы активі сату үшін қолда бар ретінде жіктелмеген болса).

Тұтастай алғанда түзетулерді мынадай түрде сипаттауға болады. Ұйымдарға егер белгілі бір қаржы құралдары жақын болашақта сатуға немесе сатып алуға арналмаған болса, оларды әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар санатынан қайта жіктеуге рұқсат етіледі. Қаржы активтері (заемдар және дебиторлық берешек ретінде жіктеу критерийлеріне жауап бермейтін) әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар санатынан нақтырақ алғанда жақын болашақта қайталанбайтын әдеттегіден тыс бірегей жағдай себепші болатын сирек жағдайларда ғана әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар санатынан сату үшін қолда бар және өтеу үшін ұсталатындар санатына қайта жіктелуі мүмкін. ХҚЕС жөніндегі Кеңес мұндай сирек жағдайға мысал ретінде әлемдік нарықтардағы ахуалдың нашарлауы болып табылуы мүмкін екендігін мәлімдеді. Мәселен, ХҚЕС-ке сәйкес есептілікті жасайтын ұйымдар қайта жіктеу бойынша көрсетілген түзетулерді 2008 жылғы 1 шілдеден бастап пайдалануы мүмкін. Бұл ретте қаржы активін «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар» санатынан аудару активтің қайта жіктеу күнгі әділ құны бойынша жүзеге асырылады. Осы күнге дейін пайдада немесе зиянда танылған кез келген кіріске немесе шығысқа түзетпе жасалмауы тиіс. Қаржы активінің қайта жіктеу күнгі әділ құны тиісінше оның жаңа нақты құны немесе амортизацияланатын құны болып табылады.

Түзетулер 2008 жылдың 1 шілдесінен кейін ғана қолданылады. 2008 жылғы 1 қарашада немесе осы күннен кейін жүзеге асырылған қаржы активін қайта жіктеу осындай қайта жіктеу күнінен бастап қана жүзеге асырылуы тиіс.

<p><i>Кіріктірілген туынды құралдар, 2009 жылғы наурыз.</i></p>	<p><b>6. Кіріктірілген туынды құралдарды қайтадан бағалау.</b> 39-ХҚЕС-тің (IAS) 12-тармағына және 9-КРМФО-ның (IFRIC) өзгерістер енгізу 39-ХҚЕС-ке (IAS) және 7-ХҚЕС-ке (IFRS), қаржы активін «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар» санатынан қайта жіктеген жағдайда кіріктірілген туынды құралдарды қайталап бағалау қажеттігіне қатысты қаржы активтерін қайта жіктеу бөлігінде (2008 жылғы қазанда) енгізілген түзетулермен байланысты. Кейбіреулері 9-КРМФО-ның (IFRIC) бұрынғы редакциясы қоспалы қаржы активін «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар» санатынан қайта жіктеу кезінде, егер бұл ретте шарттың талаптары өзгермесе, кіріктірілген туынды құралдарды бөліп шығаруға тыйым салатын ретінде түсінуге болатынын атап айтты. Осылайша, Кеңес мынадай нақтылау енгізді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) 9-КРМФО-ның (IFRIC), кіріктірілген туынды құралды оқшаулау қажеттігін бағалау қаржы активін «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар» санатынан қайта жіктеу сәтінде жүзеге асырылады;</li> <li>2) 39-ХҚЕС-ке (IAS), егер кәсіпорын қоспалы шартты «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар» санатынан қайта жіктеу сәтінде оқшаулануы тиіс жеке кіріктірілген туынды құралды бағалай алмаса, мұндай қайта жіктеуге тыйым салынғанын нақтылауға қатысты. Мұндай жағдайда, бүкіл қоспалы шарт тұтастай «әділ құн бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынғандар» санатында есепке алынып қала береді.</li> </ol> <p>Түзетулер 2009 жылғы 30 маусымда және одан кейін аяқталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады.</p>
<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру - 2009 жылғы сәуір</i></p>	<p><b>7. Заемды мерзімінен бұрын өтегені үшін санкцияларды кіріктірілген туынды құралдың негізгі шартымен тығыз байланысты ретінде қарау.</b> 39-ХҚЕС-тің AG 30(g) параграфына енгізілген түзету кіріктірілген деривативтер негізгі шартпен тығыз байланысты болып табылмаған кезде мысалдан алып тастауды көздейді. Алып тастау орындау бағасы заем берушіге заемды мерзімінен бұрын өтеумен байланысты жоғалтқан сыйақы түріндегі кіріс сомасын өтеуді көздейтін мерзімінен бұрын өтеуге арналған опциондарға қатысты. Мұндай ерекше жағдай егер опционды орындау бағасы қайта инвестициялау тәуекелінен болған экономикалық ысырапты азайту жолымен заем берушінің шығынын өтеген жағдайда қолданылады.</p> <p><b>8. Бизнесі біріктіру шарттарын қолданылу аясынан алып тастау.</b> 39-ХҚЕС-тің 2(g) параграфы сатып алынатын кәсіпорынды сатып алуға немесе сатуға арналған бизнесі біріктіру кезінде сатып алушы мен сатушы арасындағы шарттарды болашақтағы датаға 39-ХҚЕС-ті қолданылу аясынан шығарып тастауды көздейді. Осы тармақтың қолданылу практикасы әр түрлі болып шыққандықтан Кеңес оны тек қана тараптардың қалауына қатысты емес, талап етілетін мерзімнің өту қажеттілігіне байланысты ғана нақты көрсетілген мерзімде біріктіру бойынша мәміле жасауға қатысты тараптардың қатаң міндеттемесін көздейтін форвардтық келісім-шарттарға ғана қатысты қолдануды шектеу қажет деп тапты. Осылайша, 39-ХҚЕС-тің 2(g)-параграфында көзделген ерекше жағдай тараптардың біріне опционда жасалған құқықты пайдалануға қатысты болашақтағы оқиғалардың басталуын немесе басталмауын бақылауға мүмкіндік беретін опциондарға қолданылмайды.</p>



		<p><b>9. Ақша ағындарын хеджирлеуді есепке алу.</b> 39-ХҚЕС-тің 97-параграфына өзгеріс енгізілген хеджирленетін баптан болған пайда немесе зиян меншікті капиталдан хеджирленетін болжанатын ақша ағыны пайдаға немесе зиянға ықпал ететін кезеңнің ішінде (сатып алынған актив немесе қабылданған міндеттеме бұрын көрсетілгеніндей пайдаға немесе зиянға ықпал ететін кезең ішінде емес) капиталдан пайдаға немесе зиянға қайта жіктелуі тиіс. Осыған ұқсас нақтылау 39-ХҚЕС-ке 100-тармаққа енгізілген.</p> <p>2(g), 97 and 100-тармақшаларына түзетулер 2010 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге арналған барлық аяқталмаған шарттарға болашақта қолданылады. AG30(g) параграфына түзетулер 2010 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады. Барлық көрсетілген түзетулерді неғұрлым ерте қолдануға рұқсат етілген.</p>
--	--	---

<p>«Ауыл шаруашылығы» 41-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-гі жетілдіру -</i> <b>2008 жылғы мамыр</b></p>	<p><b>1. Әділ құнды есептеуге арналған дисконт ставкасы.</b> Кеңес нарыққа негізделген ағымдағы дисконт ставкасын осы активтен күтілетін ақша қаражаты таза ағындарының дисконтталған құнының есебінде пайдалануды жалғастыруға қатысты шешім қабылдады, алайда дисконттың салыққа дейінгі ставкасына қатысты сілтеме алып тасталынды.</p> <p><b>2. Қосымша биологиялық трансформация.</b> Кеңес кәсіпорындар күтілетін ақша ағындарын, дисконт ставкаларын немесе олардың құрамдастыруларын анықтау кезінде «қосымша биологиялық трансформациядан» ақша ағындарымен қауымдасқан тәуекелдерді назарға алуы тиіс. Тиісінше Кеңес биологиялық активтің әділ құнын бағалау кезінде «қосымша биологиялық трансформациядан» ақша ағындарын қарауға тиым салуды алып тастау мақсатында 41-ХҚЕС-тің 21-тармағын өзгертуді шешті.</p> <p><b>3. Ауыл шаруашылық өнімінің мысалдары.</b> 41 ХҚЕС-тің 4-параграфында кесте түрінде келтірілген биологиялық активтердің, ауыл шаруашылығы өнімдерінің және оларды қайта өңдеудің түпкілікті нәтижелерінің мысалдары нақтыланған.</p> <p><b>4. Сатуға қосымша шығындардың есептік мөлшері.</b> «Сатуға қосымша шығындардың есептік мөлшері» ұғымы «сату шығыстары» ұғымымен ауыстырылды (41-ХҚЕС-тің 12, 13, 26–28, 30–32, 34, 35, 38, 40, 48, 50 және 51-тармақшалары). Бұл ретте 8-параграф қаржы шығындарын және пайдаға салынатын салықты қоспағанда активтердің шығынға жазылуына тікелей байланысты қосымша шығыстар ретінде «сату шығыстары» ұғымының</p>
---	---	---

		<p>анықтамасымен толықтырылды. Тиісті түзетулер «сатуға қосымша шығындардың есептік мөлшері» ұғымы көрсетілген барлық тиісті ХҚЕС-те жүргізілді.</p> <p>Түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін болашақта пайдаланылуы тиіс. Одан бұрын пайдалану рұқсат етілген.</p>
«Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын бастапқы қолдану» 1-ХҚЕС (IFRS)	<p><i>Еншілес кәсіпорындарға, бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар құны, 2008 жылғы мамыр</i></p>	<p><b>1. Еншілес кәсіпорындарға, бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялардың құны.</b></p> <p>27-ХҚЕС (IAS) кәсіпорындар өздерінің жеке есептілігінде еншілес кәсіпорындарға, бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан кәсіпорындарға инвестицияларды нақты құны бойынша немесе 39-ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес ескеруін талап етеді. Нақты құны бойынша ескерілетін инвестицияларға қатысты 27-ХҚЕС-тің (IAS) алдыңғы нұсқасы инвестициядан кірісті сатып алу күнінен кейін туындайтын инвестиция объектісінің жинақталған пайдасынан алынған төлем бөлігінде ғана тануды талап етеді (нақты шығындар бойынша есепке алу әдісі).</p> <p>Іс жүзінде ХҚЕС-ті бастапқы қолдану кезінде 27-ХҚЕС-тің (IAS) осы талаптарын пайдалануға байланысты қиындықтар туындады, осыған байланысты Кеңес инвестицияларды өзінің жеке есептілігінде өзіндік құны бойынша ескеретін осындай кәсіпорындарға инвестицияларын бұрынғы БЕЖҚ (GAAP) сәйкес белгіленген құн немесе әділ құн (39-ХҚЕС бойынша) ретінде түсінілетін «болжамды» (deemed cost) құн бойынша өлшеуге рұқсат берді.</p> <p>Түзетулер (13(ea), 23A, 23B and 44A жаңа тармақтар) 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін пайдаланылуы тиіс. Одан бұрын пайдалану рұқсат етілген.</p>
	<p><b>1 ХҚЕС (IFRS), 2008 жылғы қараша</b></p>	<p><b>2. 1 ХҚЕС (IFRS) жаңа редакцияда жазылған.</b></p> <p>1-ХҚЕС (IFRS) әртүрлі ХҚЕС-қа енгізілген өзгерістерге сәйкес келтіру және бейімделу үшін бірнеше рет түзетілді. Нәтижесінде Стандарт күрделі және түсініксіздеу болды. 2007 жылы Кеңес оның жыл сайынғы жетілдіру бөлігі ретінде оны оқырмандар үшін жеңілдету, сондай-ақ келешектегі өзгерістер үшін анағұрлым қолайлы ету мақсатында 1-ХҚЕС (IFRS) жаңа редакциясының жобасын ұсынды. 2008 жылы шығарылған 1-ХҚЕС (IFRS) алдыңғы нұсқаның мәнін сақтайды, тек құрылымы өзгертілген. Бұл өзгерістер алдыңғы нұсқаны ауыстырады және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді, бұл ретте бұрын қолдану рұқсат етілген.</p>
«Акцияларға негізделген төлем» 2-ХҚЕС (IFRS)	<p><i>ХҚЕС-зы жетілдіру - 2009 жылғы сәуір</i></p>	<p><b>2 ХҚЕС (IFRS) және қайта қаралған 3 ХҚЕС (IFRS) пайдалану саласы</b></p> <p>3 ХҚЕС (IFRS) (2008 жылы қайта қаралған) бизнес бірлестіктері ұғымын өзгертті, бұл нәтижесінде бірлескен кәсіпкерлікті қалыптастыру кезінде шығарылған акцияларға айырбастауға бизнестің салымдарын есепке алу 2-ХҚЕС-тің (IFRS) қолдану аясына жатқызылуы тиістілігіне әкелді. Бұл Кеңестің бастапқы ойы емес болған.</p> <p>Осыған байланысты Кеңес 2009 жылғы сәуірде бизнестің бірлескен кәсіпорындарды қалыптастыру</p>

		<p>мақсатындағы салымдары және бақылау жөніндегі жалпы операциялар 2 ХҚЕС-тің (IFRS) қолдану аясына кірмейтіндігін растай отырып, 2-ХҚЕС-ке (IFRS) (5-параграфы) түзетулер енгізді.</p> <p>Түзетулер 2009 жылғы 1 шілдеден немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін пайдаланылуы тиіс. Одан бұрын пайдалану рұқсат етілген.</p>
«Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» 5-ХҚЕС (IFRS)	<i>ХҚЕС-зы жетілдіру - 2008 жылғы мамыр</i>	<p><b>1. Еншілес ұйымда бақылаушы мүддені (controlling interest) сату бойынша жоспарлар.</b></p> <p>Мәселен, егер ұйым өз кезегінде еншілес ұйымды бақылауды жоғалтуға әкелетін активтерді сату туралы шешім қабылдаса, ол осы еншілес ұйымның барлық активтері мен міндеттемелерін олар сатуға арналған ретінде Стандарттың 6-8 тармақтарының талаптарына сәйкес келген жағдайда, егер компанияда оларды сатудан кейін бұрынғы еншілес ұйымда бақыланбайтын үлес (азшылық бөлігі) қалған жағдайда да жіктеуі тиіс.</p> <p>Өз кезегінде еншілес ұйымды бақылауды жоғалтуға әкелетін активтерді сату туралы шешім қабылдаған ұйым Стандарттың 33-66-тармақтарында талап етілген ақпаратты ашып көрсетуі тиіс, еншілес ұйым шығынға жазылған топ болып табылады, бұл өз кезегінде 32-тармаққа сәйкес тоқталған қызмет деген анықтамаға сәйкес келеді.</p> <p>Стандартқа түзетулер (8А, 36А және 44С жаңа параграфтар) 2009 жылғы 1 шілдеден басталатын немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылуы мүмкін. Егер кәсіпорын анағұрлым ерте кезеңде «Шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігі» 27-ХҚЕС-гі (IAS) (2008 жылы енгізілген) өзгерістерді қолданса, онда 5-ХҚЕС (IFRS) түзетулер сондай-ақ осы анағұрлым ерте кезеңде қолданылуы тиіс.</p>

	<p><i>ХҚЕС-зы жетілдіру - 2009 жылғы сәуір</i></p>	<p><b>2. Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (немесе шығынға жазылған топтар) және тоқтатылған қызмет бойынша ақпаратты ашып көрсету.</b></p> <p>Стандартқа олардың сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге немесе тоқтатылған қызметке таратылуы арнайы көрсетілген 5-ХҚЕС (IFRS) және басқа ХҚЕС-дың көрсетілген активтер немесе операцияларға қатысты ақпаратты ашып көрсетуге барлық қажетті талаптарды белгілейтіндігі көзделген жаңа 5В параграф қосылды. Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер немесе тоқтатылған қызмет туралы қосымша ашып көрсету 1-ХҚЕС (IAS) жалпы талаптарына, оның ішінде осы стандарттың 15 және 125-параграфтарына сәйкес келу үшін қажет болуы мүмкін.</p> <p>Түзету 2010 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін болашақта пайдаланылуы тиіс. Одан бұрын пайдалану рұқсат етілген.</p>
<p>«Қаржы құралдары – ақпаратты ашып көрсету» 7-ХҚЕС (IFRS)</p>	<p><i>ХҚЕС-зы жетілдіру - 2008 жылғы мамыр</i></p>	<p><b>1. Қаржыландыру бойынша шығындарды беру.</b></p> <p>«Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7-ХҚЕС-ті (IFRS) (IG13 тармақ) қолдану жөніндегі басшылыққа қаржыландыру бойынша шығындардың құрамдас бөлігі ретінде «жиынтық инвестициялық кірісті» алып тастау бөлігінде нақтылаулар енгізілді. Осы түзету кірістер мен шығыстарды өзара есепке алуға тиым салатын (ХҚЕС талап етілген немесе рұқсат етілген жағдайлардан басқа) «Қаржылық есептілікті беру» 1ХҚЕС-тің (IAS) 32-параграфымен қарама-қайшылықты жойды.</p> <p>Түзету 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін болашақта пайдаланылуы тиіс. Одан бұрын пайдалану рұқсат етілген.</p>
	<p><i>Қаржы құралдары туралы ақпаратты ашып көрсетуді жетілдіру, 2009 жылғы наурыз</i></p>	<p><b>2. Қаржы активтерінің әділ құнын өлшеу кезінде пайдаланылған деректер.</b></p> <p>2009 жылы наурызда шығарылған 7-ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активтерінің әділ құны қалай өлшенгендігі туралы ақпараты анағұрлым нақты ашып көрсетуді талап етеді. Осы мақсатта Стандарт әділ құнды өлшеу кезінде пайдаланылған деректердің маңыздылық дәрежесін көрсететін әділ құнның үш деңгейлі иерархиясын енгізеді. Бұл ретте 1-деңгейге осындай активтер немесе міндеттемелер бойынша актив нарығының баға белгіленуі (түзетусіз) жатқызылды, 2-деңгейге активтер немесе міндеттемелер үшін немесе тікелей (яғни бағалар) немесе жанама (бағадан алынып тасталған) алуға болатын актив нарығының баға белгіленуі болып табылмайтын (1-деңгейге жатқызылған) басқа деректер жатқызылады. 3-деңгейге қол жетімді нарықтық ақпаратқа негізделмеген активтер немесе міндеттемелерге арналған деректер жатқызылды (бақыланбайтын деректер).</p> <p>Түзетулермен 27, 39 және В11 параграфтарға өзгерістер енгізілді, сондай-ақ 27А, 27В, В10А және</p>

		<p>B11A–B11F жаңа параграфтар толықтырылды. Бұл түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін пайдаланылуы тиіс. Оларды бірінші жылы пайдаланған кезде кәсіпорын осы өзгерістермен көзделген ашып көрсету үшін салыстырма ақпаратты беруге міндетті емес.</p>
<p>«Операциялық бөлімдер» 8-ХҚЕС (IFRS)</p>	<p><i>ХҚЕС-ғы жетілдіру - 2009 жылғы сәуір.</i></p>	<p><b>Бөлім активтері туралы ақпаратты ашып көрсету</b>  «Операциялық бөлімдер» 8-ХҚЕС-тің (IFRS) 23-тармағына өзгерістер әр есепті бөлім үшін активтердің жалпы сомасын бағалау егер осындай ақпарат операциялық шешімдерді қабылдау үшін жауапты басшылыққа жүйелі берілсе ғана, ашып көрсетілетіндігін нақтылау үшін енгізілді. Бұл өзгеріс АҚШ БЕЖҚ (SFAS 131) осындай талаптарына қатысты бар айырмашылықтарды жояды.</p> <p>Түзету 2010 жылғы 1 қаңтардан немесе кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін пайдаланылуы тиіс. Мерзімінен бұрын пайдалану рұқсат етілген.</p>

<p>«Қаржы құралдары: тану және өлшем» 40-ХҚЕС (IAS)</p>	<p><i>ХҚЕС-зы жетілдіру - 2008 жылғы мамыр</i></p>	<p><b>Кейіннен инвестициялық мүлік ретінде пайдалану үшін құрылыс салу немесе қайта жаңғырту үдерісіндегі мүлік.</b></p> <p>Кеңес 40-ХҚЕС-ті қолданылу аясынан құрылыс салу немесе қайта жаңғырту үдерісіндегі инвестициялық мүлікті алып тастау мәселесін қайта қарады. Мысалы, кәсіпорын қолда бар инвестициялық мүлікті түрлендіре (қайта жаңғырта) бастады, бұл Стандарттың талабы бойынша 16-ХҚЕС-ке сәйкес оны негізгі құрал-жабдық ретінде есепке алу қажеттігіне әкеліп соқтырған жағдайда мәселе туындайтыны атап көрсетілді. Оның үстіне 40-ХҚЕС көп уақыттан бері қолданылып жүргендіктен, әділ құнның бағаларын пайдалану бойынша кәсіпорынның тәжірибесі көп және енді олардың құрылыс салу немесе қайта жаңғырту үдерісіндегі инвестициялық мүліктің әділ құнын сенімді бағалау мүмкіндігі де мол. Тиісінше, Кеңес, құрылыс салу немесе қайта жаңғырту үдерісіндегі инвестициялық мүлікті 40-ХҚЕС-тің аясына кіргізуге шешім қабылдады.</p> <p>Осы түзетулерге қосымша ретінде, егер инвестициялық мүліктің әділ құны сенімді бағаланбаған жағдайда, 16-ХҚЕС-ке сәйкес құрылыс салу немесе қайта жаңғырту үдерісіндегі инвестициялық мүлікті есепке алу қажеттігіне қатысты толықтырулар енгізілді. Алайда, егер құрылыс салынып жатқан объектінің әділ құны сенімді анықталатын болса немесе құрылыс аяқталса (осы екі жағдайдың қайсысы бұрын басталуына байланысты) кәсіпорын оны әділ құн бойынша есепке алуды жүргізуге міндетті.</p> <p>Түзетулер 2009 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін болашақта қолданылуы тиіс. Неғұрлым ерте қолдану кәсіпорын барлық түзетулерді (40-ХҚЕС-тің 8, 9, 22, 48, 53, 53А, 53В, 54, 57 және 85В тармақтары) бір мезгілде қолдану шартымен ғана рұқсат етілген.</p>
---	--	--